

В целом, все группы отметили важность различных факторов, способствующих хорошему психическому здоровью, включая достаточный сон и физические упражнения, наличие системы поддержки, заботу о себе и внимательность, а также поддержание здорового баланса между работой и личной жизнью. Они также подчеркнули важность обращения за помощью в случае необходимости и не бояться просить о поддержке.

В заключение следует отметить, что урок по психическому здоровью и благополучию дал глубокое понимание важности заботы о нашем психическом здоровье. Класс обсудил и определил различные факторы, способствующие хорошему психическому здоровью, включая достаточный сон и физические упражнения, наличие системы поддержки, заботу о себе и внимательность, а также поддержание здорового баланса между работой и личной жизнью. На занятиях также подчеркивалась важность обращения за помощью в случае необходимости и не бояться просить о поддержке.

Студенты также узнали, используя метод анализа конкретных случаев, о важности понимания и устранения первопричины проблем психического здоровья для улучшения общего благополучия. В целом, урок подчеркнул необходимость уделять приоритетное внимание психическому здоровью и благополучию в нашей повседневной жизни и предоставил практические советы и стратегии для поддержания хорошего психического здоровья. Он также призвал учащихся проявлять инициативу и обращаться за помощью и поддержкой в случае необходимости.

Литература:

1. Azimov E. G., Shukin A. N. A new dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of language teaching). Moscow: IKAR, 2009. 448 p.
2. Dolmatova N. S. The problem of formation of foreign language communicative competence of students of a non-linguistic university // Psychology, sociology and pedagogy. 2014. № 5. URL: <http://psychology.snauka.ru/2014/05/3053>
3. Mikhailova E. A. Case and case method: general concepts // Marketing. 1999. No. 1. pp. 109-117.
4. <https://publications.hse.ru/mirror/pubs/share/folder/f9jz4u24bd/direct/135966785>
5. <https://skyteach.ru/2020/01/19/metod-kejsov-v-obuchenii-anglijskomu-yazyku/>
6. https://www.researchgate.net/publication/332144980_TEACHING_ENGLISH_WITH_THE_CASE_METHOD_-_A_TENTATIVE_APPROACH
7. <https://cyberleninka.ru/article/n/metod-case-study-kak-nauchnyy-metod-issledovatel'skoy-deyatelnosti-studentov/viewer>
8. <https://viafuture.ru/katalog-idej/metod-case-study>

Турабаева А. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті дене мәдениеті және спорт факультеті, БӘД және ДД -31 тобы студенті
(Ғылыми жетекшілер – п.ғ.к., қауым. профессор Иманбетов А.Н., аға оқытушы Омаров О.С.)

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Зерттеудің көкейкестілігі: Соңғы кездегі көрші мемлекеттегі болып жатқан әскери шиеленістер жастардың әскери-патриоттық тәрбие мәселесін қайта қарауға мәжбүрлеп отыр. Өйткені әскери патриоттық тәрбие мәселесі уақыт күттірмейтін мәселеге айналып отыр.

Сондықтан біз өз зерттеуімізде тәуелсіз елдер достастығы елдердегі және алыс жақын мемлекеттерді әскери патриоттық клубтардың пайда болуы мен олардың қызметін саралауға ізденістер жасауды жөн көрдік. Бұл өз кезегінде оларды зерделеп нақты шешім қабылдауға септігін тиігізеді деген пікірдеміз.

Патриоттық тәрбие – ерлік, адамгершілік, достық қарым-қатынас тәрбиесімен тығыз байланыста екені белгілі. Жастар мен жасөспірімдер бойында терең патриоттық сананы қалыптастыру, отанға қызмет ету және оны қорғау идеясы, Қазақстанның төл тарихына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу, әскери мамандықты менгеруге баулу, әскери дәстүрлерді сақтау және көбейтуге ат салысу болып табылады.

Қазіргі таңда патриоттық тәрбиеге байланысты көптеген зерттеулер жүргізілді. Ұлттық дәстүрлер мен патриоттық тәрбие, әскери-патриоттық, интернационалдық, адамгершілік, ерлік тәрбиесі бойынша С.Ешімханов, Р.С.Елубаева, Е.Жұматаева, С.Т.Иманбаева, С.Нұрмұқашева,

Н.Р.Рамашов т.б зерттеулерін айтуға болады. Ал Қазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизмді қалыптастыру бойынша К.Т.Әбілғазиева, Ғ.Б.Базарғалиев, Ж.Бөжиг, Д.С.Құсайынова, т.б. зерттеулерінен мысалдар келтіруге болады. Дегенмен әскери патриоттық тәрбие беру ұйымдары бағытындағы зерттеулер жоқтың қасы.

Зерттеу нысаны: әскери-патриоттық тәрбие беру үрдісі.

Зерттеу мақсаты: Әскери патриоттық клубтардың жұмысын зерделеп, олардың алдыңғы қатарлы зерттеулерін отандық әскер патриоттық клубтардың жұмыстарында пайдалану.

Зерттеу міндеттері:

1. Шет елдік әскери патриоттық клубтардың пайда болуы тарихын зерделеу;
2. Әскери патриоттық клубтардың бағыттарына талдау жасау;

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы кеңістігінде жастар мен жасөспірімдер бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыруда өздерінің инициативасымен құрылған қоғамдық ұйымдар, балалар қозғалыстары негізгі орын алады [1].

Мәселен, Ресейдегі “Жас Россия” (Юная Россия) балалар ұйымының федерациясы құрылғанына 30 жылда астам уақыт болды. Кезінде Ресейдің тұңғыш президенті Б.Г.Ельцин қолдау көрсетіп, алғашқы балалар мен жастар ұйымын құруға қол қойған мемлекеттік құжат осы “Жас Россия” балалар ұйымының федерациясы болып табылады.

Ресей федерациясына 147-ден астам балалар мен жастар қозғалыстары, ұйымдары тіркеліп, бағыт-бағдар беретін бір ғылыми-әдістемелік орталық құрылды. Алғашқы кездері федерация жұмысын “Жаңару” (Возрождение) (жоғары сынып үшін), “Мен өзім” (я сам) (орта буын), “Төрт қосу үш” (“четыре плюс три”) (бастауыш сынып үшін) балалар мен жастардың іс-әрекетін біріктіретін аталмыш бағдарламамен жұмыс істегені белгілі. Іс-тәжірибелердің дамуы, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер, жаңа қозғалыстар, жаңа бағдарламалар туғызды.

Сонымен қатар, Ресейде оқушылардың бастамаларымен құрылған балалар ұйымы баршылық. Атап айтқанда: “Алға бір адым” (“Шаг на встречу”), “Балалар мейрімділігінің белгісі” (“Детский орден милосердия”), “Жас парламенттер қозғалысы” (“Движение юных парламентариев”), “Өмір діндегі” (“Древо жизни”), “Өз дауысым” (“Свой голос”), “Ойын күрделі іс” (Игра-дело серьезное), “Мәдениет пен спорттың салауатты өмір салтына” (“От культуры и спорта к здоровому образу жизни” және т.б. ұйымдар құрылған болатын.

Мәселен, “Шаг на встречу” (детдомовцы-это тоже мы) балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің ұйым құрудағы негізгі мақсаты: әке - шешесі бар балалармен тең құқықта, бірдей қарым-қатынаста болу; ары мен адами қасиетін қорғай білу; балалар үйінен шыққаннан кейінгі олардың күрделі өмір тіршілігі мен күнделікті өмірде кездесетін қиыншылықтарына қолдау көрсету; өз талантын ашуға, қоғамдық қатынасқа еркін араласуына мүмкіндік туғызу.

Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды құру және олардың мазмұндық жағынан аталмыш мәселе балтық жағалауы елдерінде жақсы жолға қойылған. Мәселен, Литвада 20-ға жуық балалар қозғалысы мен ұйымдары бар, олар екі бағытта жұмыс жүргізеді.

Бірінші бағытта “Атейтиникай” – дінге сенуші оқушыларды қамтиды. Негізгі мақсаты – бір-біріне рухани және материалдық тұрғыда көмек ету, тілін, дінін дамытуды көздеу.

Ал екінші бағытта – “Яунойн Летува” (Жас Литва). Мақсаты халық бірлігін сақтау, ұлттық мәдениетті дамыту, қоғамға лайықты жеке тұлғаны қалыптастыру. Ұйымға тек литвалықтар мүше бола алады. Ал “Ауширина” атты оқушылар бірлестігі бар. Бірлестікке 15 жастан жоғары оқушылар қабылданады. Бірлестіктің алдына қойған негізгі қағидасы еркіндік, бірлік, достық және әрбір оқушы жеке, дара тұлға ретінде дамуы көзделеді.

«Кудирковцы» - Литваның қайта жаңғыруына байланысты құрылған оқушылардың ұйымы. “Кудирковцы” деп аталу себебі 1858-1899 жылдары өмір сүрген Литваның азаттығы үшін күрескен ақын, әрі жазушы Виулса Кудирки есімімен байланысты. Оқушылар ұйымының алдына қойған мақсаты - өз ұлтының тарихын, әдебиетін меңгеру, В.Кудирики шығармашылығын насихаттайды және ғылымның рухани жаңғыруы үшін күреседі.

«Саюдис»- арнаулы орта оқу орындарының және жоғары оқу орындарының студенттерін, оқушыларды қамтыған ірі қозғалыстардың бірі. Бұл қозғалыстың бір ерекшелігі үлкендер құрған. «Саюдис» қозғалысының платформасында құрылып, солардың бағдарламасының бір бағыты негізінде өз іс-шараларын жалғастырады. Бұл қозғалыстың ерекшелігі- үлкендер негізін салған қозғалыстың жалғасы ретінде іске асады.

«Гедиминовичи» – Вильнюс қаласының негізін салушы, литва халқының ұлттық батыры ретінде құрметтелетін княздың ұрпақтары құрған қозғалыс.

Қозғалыстың алдына қойған негізгі мақсаты - өз халқының тарихын меңгеру, тарихи ескерткіш мұраларды қорғау, тарих арқылы ұлттық сананы қалыптастыру.

Украинада құрылған оқушы-жастардың «Пласт» ұйымы скауттардың жүйесі мен ұстанымы бойынша құрылған. «Пласт» халықаралық ұйымының негізі 1989 жылдары қаланған. Украинадағы «Пласт» ұйымына материалдық көмек жоғарыда аты аталған халықаралық ұйым әдебиеттермен, атрибуттармен қамтамасыз етіп отырады. Ұйым ата-аналарды белсенді түрде ұйым жұмысына тартады. Ұйым балалардың діни сенім бостандығы мен құқығын қорғайды.

«Сокол» балалар мен жастар ұйымы украин халқының рухани-мәдени жаңғы-руын қолдау үшін құрылған. Ұйымның негізгі міндеті украинаның тарихын зерттеу, жинақтау және оқушы-жастар арасына тарату. Ұйымның тағы бір алдына қойған міндеті ұлттық шіркеулерді дамыту.

Қазіргі таңда Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде саяси және қоғамдық саяси ұйымдар мен бірлестіктер құрылуда.

«Союз несовершеннолетних граждан» (Украина), «Саяси лицей» «Политический лицей» (Москва қаласы), қоғамдық-саяси орталық «Невада-Семей»(Қазақстан), жас парламентарий клубы (Москва қаласы) [2].

Қоғамдық ұйым, бірлестіктер, қозғалыстарға материалдық көмек төмендегі көмек көздері арқылы жинақталған:

- балалардың қол-өнер және техникалық шеберліктерінен түскен қаржылар; еңбек кооперативтерінде істеген жұмыстары үшін алған ақылары;
- өздері шығарған газет-журналдарды сатудан түскен қаржылар;
- мүшелік жарнадан (ұйым мен бірлестік мүшелерінің еңбекке жарамдылары төлейтін міндетті жарна, ал оқушы мен ата-аналар өз еріктерімен төлеген жарнадан түскен қаржы);
- мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан түскен қаржылай көмек.

Көптеген елдердегі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасау барысында түйгеніміз, қоғамдық ұйымдар оқушы-жастардың жеке тұлға ретінде дамуына, өз ойын еркін айта білуіне, отанын, елін, жерін сүйетін, қоғамдық қатынаста әртүрлі жағдайлардан шыға білуге баулитынын байқадық.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы кеңістігіндегі елдердегі патриоттық тәрбие беру мәселелерімен қатар, Америка Құрама Штатындағы патриотизм мәселелеріне де тоқталдық. Әлемдегі басқа мемлекеттермен салыстырғанда, Америкада патриоттық мәселелерге байланысты іс-шаралар көбіне мемлекеттік тұрғыда емес, азаматтардың өз инициативасы арқылы іске асады. Американдық патриотизм ол азаматтардың этникалық және географиялық шығу тегіне байланысты қарастырылмайды.

Америка Құрама Штаттарында патриотизм мәселесіне байланысты жүргізілген қоғамдық пікір олардың үштен бір бөлігінің өз отанына деген мақтаныш сезімі жоғары екенін көрсетіп отыр. Американдықтар өз үйлерін ұлттық жалаумен безендірумен қатар, 15-20 пайызы машиналарына Америка жалауын ілуді мақтан тұтады.

Америка Құрама Штаттарында ұлттардың көптеп қоныстануына байланысты американдық патриотизмде күрделі эволюциялық өзгерістер болғаны белгілі.

Майкл Линдтың «Новая Американская нация: Новый национализм и четвертая Американская революция» атты еңбегінде американдық патриотизмнің қалыптасуына талдаулар жүргізеді.

1789-1860 жылдар аралығына ағылшын тілді эмигранттардың көптеп келуіне байланысты және солардың мәдени-этникалық, діни құндылықтарына байланысты «Ағылшын-американ патриотизмі» дамыды.

Ал 1876-1954 жылдар аралығында патриотизм идеологиясының европалық идеялармен толықтандыруына байланысты «евро-Америка» ұғымы пайда болды.

Ал, 1970 жылдардан бастап Америка Құрама Штаттарында ұлттар мен ұлыстардың дискриминациядан құтылуына байланысты жаңа феномен «мультимәдени Америка ұғымын кеңінен пайдаланыла бастады [3].

Атақты философ Самуэль Хантингтон американдық патриотизмге балама «Американдық кредо» ұғымын бере отырып, «Американдық кредо – әмбебап идеологиялық және мәдени қағида (еркіндік, ашықтық, дін, үкіметтің заңдары, прогрес, т.б.), америка конституциясына құрмет, ұлттар мен ұлыстардың теңдігі», -деп тұжырымдайды.

«Pew Research Center for the People and the People and the Press» жүргізген қоғамдық пікірдің нәтижесінде американдықтарды өз отанына деген мақтанышы өте жоғары екенін және осы идея басқа елдерге де үлгі болуға лайықты деп түсіндіреді.

Ал, «Harris Interactive» компаниясының жүргізген сауалнамасы бойынша он американдықтың тоғызы елінің әнұраны орындағанда мақтаныш сезімге бөленетінін айтады. Сонымен қатар, Америка Құрама Штаттарының негізгі құрметті символдары деп төмендегілерді: Америка туы, Еркіндік статуясы, мемлекеттік әнұран, герб, бүркіт, Ақ үй және «Боже благослави Америку» әні негізгі орын алатынын атайды.

Жоғарыда патриоттық тәрбиеге талдау жасау барысында айқындағанымыз патриотизм мәселесіне тек мемлекеттік саясат тұрғысынан ғана қарамайды, әр адамның жекелей міндеті тұрғысынан қарастырылады.

Қазіргі таңда елімізде 33 аса патриоттық клубтар жұмыс жасап жатыр. Олардың бағыттары да әр түрлі. Ал біздің университетте «Жас сұңқар» әскери спорттық клубы құрылып, жұмыс жасауда. Бұл әскери спорттық клубтың мақсаты:

- әскери патриоттық жүйені жетілдіру;
- жастардың шығармашылық, дене сапаларын дамытуға қолайлы жағдайлар туғызу болып табылады.

Сонымен қатар «Жас сұңқар» әскери спорттық клубы мынадай міндетерді алдына қойып отыр:

- әскери спорттық ойындар өткізу және спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастыру;
- әскерге дейінгі жастармен және соғыс ардагерлерімен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру.

Сондай-ақ клуб мүшелерінің өздерінің құқықтарымен міндеттері бекітілген. Қазіргі таңда клуб қарқынды жұмыс жүргізуде. Өткізілген іс-шаралар бұқарлақ ақпарат құралдарында үздіксіз беріліп отырады.

Осындай жұмыстар жастарды отансүйгіштіке баулып Отан алдындағы борыштын мүлтіксіз орындауға өз септігін тигізеді деген ой білдіреміз.

Әдебиеттер:

1.Рамашов Н.Р., Иманбетов А.Н. Әскери патриоттық тәрбие негіздері: Оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: Баспа, 2013 .- 100б.

2.Салтанова Е.С. Военно-патриотическое воспитание студентов в учебном процессе вуза (на материалах военной кафедры): автореф... к.п.н. 13.00.01 Алматы, 2005.-С.29.

3.Самарец Г.А. Содержание и методы военно-патриотического воспитания в России и западной Европе: автореф. ...к.п.н. 13.00.01- М., 2001. -25 с.

Тютекулова Т.А. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, шетел тілі факультеті, топ МИЯ-22-1к, магистрант
(*Ғылыми жетекші — п.ғ.к., профессор Копжасарова У.И.*)

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

XXI ғасырда қоғамның қазіргі басты қажеттілігі ол жеке тұлғаның сыни ойлау қабілетінің жоғары деңгейде дамуы. Бұл қажеттілік еркін, шығармашылық тұлғаға сәйкес келетін қоғамға бейімділікпен байланысты. Қазақстан Республикасының шет тіліндегі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес оқу процесін ұйымдастырудың проблемалық қағидатына негізделуге тиіс деп мәлемдеген. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлау дамыту мақсатында проблемалық әдістерді қолдану маңызды болып табылады. Соңғы уақытта ойлау түрлерінің ішінде сыни тұрғыдан ойлау адамның ақпаратты логикалық жағынан талдау қабілеті, әртүрлі көзқарастар мен жеке түсіну қабілеті ретінде көбірек талқылануда. Сыни тұрғыдан ойлаудың қазіргі концепциялары психологиядағы, философиядағы зерттеулерге, сондай-ақ Д.Дьюидің рефлексивті ойлау туралы теорияларына, Д.Брунердің білім берудегі конструктивизм теориясына, Л.С.Выготский жоғары психикалық функцияларды зерттесе, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейннің білім берудегі сыни ойлаудың басымдығы туралы ғылыми еңбектерінде берілген. М.Липман сыни рефлексияда төрт кезеңді белгілейді: 1) әріптестерінің тәжірибесін сынға алу; 2) өзін-өзі сынау; 3) басқалардың тәжірибесін түзету; 4) өзін-өзі түзету [1, б. 25]. Д.Весс ағылшын тілі сабағын проблемаларды